

**Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы  
Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнын әзірлеудегі және дамытудағы  
ынтымақтастығы туралы келісімнің күшін жою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 желтоқсандағы № 1705 Қаулысы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 1995 жылғы 10 ақпанда Алматы қаласында жасалған Ресей Федерациясының  
Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қарашығанақ мұнай-газ  
конденсаты кен орнын әзірлеудегі және дамытудағы ынтымақтастығы туралы  
келісімнің күшін жою туралы хабардар етсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі заңнамада белгіленген  
тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы қаулының 1-тармағында көрсетілген  
халықаралық шарттың күшін жою ниеті туралы Ресей Федерациясының Үкіметін  
хабардар етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *С. Ахметов*